«БЕКІТЕМІН»
Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры _____Н.Жонтаев
«__» _____2018 ж.

Жыртыш аңдардың санын реттеу мақсатында жойылған аңдар үшін берілетін сыйақы мен ұйымдастыру шығындарын өтеу үшін 2018 жылға бөлінген қаржының шығыс Сметасы

№	Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Саны, дана	Бір данасының бағасы,тг	Барлығы,тг
Сыйақы төлемдері					
1	Бір басқа төленетін сыйақы /бекітілген/, оның ішінде				
	1/ қасқыр	дана	12	24050-00	288600-00
	2/шибөрі	дана	134	12025-00	1611350-00
	Барлығы:		**146**		**1899950-00**
Қосымша шығындар					
2	Аң терілерін өртеуге қажетті жанар-жағар май шығындары	литр	100	145-00	14500-00
3	Терілерді жойылатын жерге дейін жеткізудің шығындары	Транспорт жалдау	-	100 000	100 000-00
4	Аң терілерін жинайтын жұмысшылардың жалақысы	жұмысшы	6	40000-00	240000-00
5	Банк шығындары		-	-	10000-00
	Барлығы:				**364500-00**
	Барлық шығын:				**2 264 450-00**

Дир орынбасары: **Б.Ұлтанбекұлы**

Бас есепші **Г.Қамзаева**

«БЕКІТЕМІН»
«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры
_____ Н. Жонтаев
«19» қаңтар 2018

Техникалық ерекшелік
Қызылорда облысы аумағындағы қасқырлар мен шибөрілерге қарсы күрес жөніндегі іс-шарасын өткізу бойынша

Қызылорда облысының аумағында жыртқыштардың санын реттеудің басты мақсаты табиғаттағы биологиялық тепе-теңдікті сақтау мен жабайы және ауылшаруашылығы жануарларының ортақ ауруларына қауіптілікті азайту, тұрғындардың денсаулығын қорғау болып табылады.

Осыған байланысты, Қызылорда облысының аудандарындағы қасқырлар мен шибөрілердің санын реттеу мемлекеттік қызметті сатып алу міндеттеріне: терілерді жинақтауға және сараптауға; терілердің үзінділерінің пайдалануы; аңшыларға сыйақы төлеу; есептеу және есеп жүргізілу ұйымдастырылуы қажет. Аңшыларды материалдық ынталандыру мақсатында алынған әрбір қасқыр үшін және шибөрі үшін Қызылорда облысы әкімінің «Қасқырлар мен шибөрілерге қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №32 шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші келісімшарттың әрекет ету мерзімі аралықта қасқырлар мен шибөрілердің санын реттеу соңғылардың санының жағымсыз көбеюі бойынша кординациялық жұмыстарды жүргізеді.

Табиғатта қасқырлар мен шибөрілердің санын қысқарту іс-шарасы бойынша орындалған жұмыстар нәтижесінде өнім беруші өткізілген шараның жиынтық құжаттарын қоса барлық растайтын құжаттарды (қасқыр және шибөрі терілерінің сараптамасы актілерін, суреттер) тапсыруға міндетті.

Қызметтің аяқталу мерзімі 2018 жылдың 30 қараша, төлем ақыны төлеу Тапсырыс берушінің Орындаушымен жеткізілген атқарылған қызмет актісіне сәйкес төленеді.

Табиғатта жыртқыштар санын реттеу шарасын жүргізу барысында төменде көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алып, жұмыстар жүргізу қажет:

***Ескертпе**: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 Заңының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайт, пайдалану туралы» Заңына;*
Қазақстан Республикасы министрлері кабинетінің 1995 жылғы 5 қыркүйектегі №1230 «Республикада жекелеген жыртқыштар түрлерінің санын реттеу» қаулысына;
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/390 бұйрығы

Қызмет көрсету орны: Жалағаш ауданы, Қаракеткен, Шаменов, Бұқарбай, Таң, Мәдинет, Жаңаталап, Мақпалкөл, Аққыр, Мырзабай, Аққұм, Еңбек, Есет батыр, Жаңадария елді мекендері.

Әлеуетті өнім берушіге қойлатын талаптар

1. Мердігерде немесе оның жұмысшыларында аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат беру үшін белгісі бар аңшы куәлігі болуы тиіс.
2. Аңшылық атыс қаруын қолданып аң ауыланған кезде-аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген Қазахстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсаты болуы тиіс.
3. Саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алуға орман және жануарлар дүниесі аумақтық испексиясынан рұқсат қағазы болуы тиіс.

1)қабылдау комиссиясы келсім-шартқа сәйкес жұмыстардың орындалғаны және жыртқыш аңдардың (*ересек қасқыр, ересек шибөбі*) өлімтігін (мүрдесін) бүтіндей арнайы орында (биотермиялық шұңқырда) жойылғандығы жөніндегі (*фото немесе бейне түсірілімдермен қоса*) АКТ жасалады;

2) Олжаланған жыртқыш аңдардың өлімтігін тасымалдау,жою жұмыстарын ұйымдастыру жеңімпазға жүктеледі;

-арнайы қоймасы мен тасмалдауға арналған техникасы мен жабдықталуы тиіс;

-жабайы жырқыш аңдардың (қасқыр, шибөрі) коп шоғырланған, жүріп тұратын, көбейетін ареалын білуі тиіс;

4.Сатып алынатын жұмыстардың сипаттамасы, олжаланған аңдардың (*ересек қасқыр, ересек шибөрі*) бүтіндей денесіне сыйақы төлеу және жол шығындарын өтеу жұмыстарын ұйымдастыру;

1) Жұмыстардың орындалуын, талап етілетін мерзімдері-2018 жылдың наурыз, қазан, қараша айлары;

2)Ұсынылатын жұмыстардың сапасына кепілдеме беру-1 жылдан кем емес уақытша кепілдік берілуі талап етіледі;

3) «Жалғаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі»КММ-сі келсім шартқа сәйкес жеңімпаз өнім берушіден атқарылатын жұмыс жөнінде талап етілетін анықтама:

-Жырқыш аңды олжалаған аңшының жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;

-Олжаланған жырқыш аңдардың (ересек қасқыр,ересек шибөрі) атылатындығы жөнінде аудандық ветеринария дәрігерінің расталған (мөрленген) анықтамасы;

-Әрбір олжанатын аңға **«олжалау парағын»** толтырып беруге міндетті *(қосымша үлгі бойынша)*

4)жалпы олжанатын жыртқыш аңдардың саны-146 дана оның ішінде:

- ересек қасқыр- 12 дана
- ересек шибөрі (*шакал*)- 134 дана

5) барлық жұмыстардың көлемі бекітілген сметалық есептеулер шарттарына сәйкес жүргілуі тиіс;

6) әрбір олжаланған ересек қасқырға **(терінің құнсыз)** тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен он еселенген айлық көрсеткіш (бұдан әрі -10 еселенген АЕК)мөлшерінде (яғни ,2018 жылға **24050теңге**) сыйақы көзделген

7)әрбір олжаланған ересек шибөріге (*шакал*) (**терінің құнсыз**) 10 еселенген АЕК-тің 50 пайыз мөлшерінде (яғни , 2018 жылға **12025 теңге**) сыйақы көзделген;

8) олжаланған ересек жыртқыш аңға бір данасына төленетін

Белгіленген сыйақы мөлшерін төмендетпеуі міндетіне алады және төленгені жөнінде растайтын анықтама табыстауы тиіс:

9)қабылдау комиссияның тиісті актісінің негізінде «Жалғаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі»КММ-сі төлемдерді жүзеге асырады;

10) **төлем шарттары;**-0% аваныстық төлем, қалғаны жұмыстардың орындау фактісі негізінде:

11) аң өлімтігін тасмалдауға және басқа да қосымша қосымша шығындарды деңімпазға жүктеледі;

12) олжаланған жыртқыш өлімтігін жоюға белгіленген жерге *(биотермиялық шұңқырға)* қауіпсіз тасымалдау, сақтау және басқада шығындар жеңімпазға жүктеледі.

Үлгі.

ЖЫРТҚЫШ АҢДАРДЫҢ (ЕРЕСЕК ҚАСҚЫР, БӨЛДІРІК, ШИБӨРІ)
АТЫЛҒАНДЫҒЫН РАСТАЙТЫН
ОЛЖАЛАУ ПАРАҒЫ
(әрбір аңға жеке толтырылады)

Аңшы _____
_____
_____ (түрін) атып алды.

Атып алу күні 20 ___ жылғы « ____ » _____

Атып алу орыны _____

Жануардын жасы/ салмағы _____

Өлшеу нәтижелері:

1. Бас сүйегінің ұзындығы, см	2. Бас сүйегінің ені, см	3. Түсі

Жыртқыш аңды өткізуші:

Аңшы _____

(Т.А.Ә. қолы)

Қабылдап алушы және растастайтын:

Жеңімпаз (өнім беруші) басшысы _____

(Т.А.Ә. қолы)

Ескертпе: *Жыртқыш аң өткізушінің жеке куәлігінің көшірмесі тіркелуі тиіс.*